

**Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінің  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қортындысы**

Қандыағаш қаласы

17 мамыр 2024 жыл

Колледж директорының 16 мамыр 2024 жылғы №72§1 бұйрығына сәйкес оқу орнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. басқарушылық және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметі;
2. қаржы-шаруашылық қызметі;
3. білім беру қызметі;
4. әлеуметтік-тәрбие қызметі;

Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжі басқарушылық және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметі ҚР Конституциясы мен Заңдарына, ҚР Еңбек кодексіне, «Білім туралы» заңына, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы заңы жолмен жүзеге асырылған, мүдделер қақтығысы орын алмаған, мемлекеттік қызмет көрсету талаптарына сәйкес жүргізілген.

Бос орындарға конкурс жүргізу үшін колледж директорының 16 мамыр 2024 жылғы №72§1 бұйрығының негізінде әңгімелесу жүргізуге құрылған конкурстық комиссия ҚР Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» №57 бұйрығына сәйкес жұмыс жасайды.

Қаржы-шаруашылық қызметін зерделеу кезінде мынандай құжаттар ұсынылды: қаржы құжаттаамасы, түгендеу тізімдемелері, жұмыс уақытын есепке алу табелі. Ұсынылған құжаттар негізінде жұмыстар талапқа сай атқарылған.

Колледжде мемлекеттік сату алу ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу» заңына сәйкес жүргізіледі.


Білім беру қызметінде әр оқытушының жеке педагогикалық жүктемесі, біліктілігі арттыру туралы куәліктері зерделенеді, педагогтердің қызметін бағалау заңнама талаптарына сәйкес келеді.

Әлеуметтік -тәрбие қызметін талдау кезінде Білім басқармасының басшысы 01.09.2023 жылы бекітілген 2023-2024 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары негізінде құрылған колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары, «Саналы ұрпақ» студенттік клубы туралы ереже, жұмыс жоспары және өткізілген іс-шаралар бойынша есептер ұсынылды.

Сонымен қатар колледжде «Парасаттық мектебі» ұйымдастырылып, жұмыс істейді, оның жұмыс жоспары мен оларды орындау бойынша материалдар ұсынылған.


Колледж студенттер үшін «Адалдық дүкені» жұмыс істейді.

Директор




Б.А.Байбулов

Директордың оқу-тәрбие орынбасары



А.С.Кулкаева

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары




М.Б.Балымова

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары




А.П.Калманов

Бас есепші



Ж.С.Буранкулова

Кадр бөлімінің инспекторы



А.Б.Андабаева